

Көмір қалдықтарын қайта бағалау туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 6 қазан 1992 ж. N 830

Қазақстан Республикасында өндірілген көмірге 1992 жылғы 1 шілдеден еркін (нарықтық) баға белгіленуіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Балансындағы көмірдің есебі биылғы 1 шілдеге дейін мемлекеттік реттелетін баға бойынша жүргізіліп келген кәсіпорындар мен ұйымдар 1992 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша көмір қалдықтарына қайта бағалау жүргізсін.

2. Қайта бағалау нәтижелері:

а) мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша - қаржыландырудың өздеріндегі көздерін толықтыруға;

б) бюджеттік емес кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша - қосымша бағалау сомасының 80 проценті - айналым қаржысын қаржыландырудың өздеріндегі көздерін толықтыруға және қосымша бағалау сомасының 20 проценті - тең үлеспен республикалық және жергілікті бюджеттерге жіберілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі